



Автор: САГИНДЫКОВА АКБОТА КУМИСПЕКОВНА

Пән: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

Сынып: 5-сынып

Бөлім: Біздің өмірімізде алгоритмдер

Тақырып: Виртуалды лабиринттен шығуды табу.

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.3.2.3 орындаушыларға және олардың командалар жүйесіне мысал келтіру 5.3.2.2 алгоритмді сөз түрінде ұсыну
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Лабиринт, виртуалды лабиринт ұғымын түсіндіріп береді. Әртүрлі лабиринттен шығу жолын талдайды. Қарапайым және виртуалды лабиринттің ұқсастығын салыстырады. Оқушылардың басым бөлігі: Мысал бойынша командалар жүйесін құрайды. Кейбір оқушылар: Лабиринттердің шығу жолының алгоритмін құра алады.
Тілдік мақсаттар:	Пәнге қатысты лексика мен терминологиясы Лабиринт ұғымын түсіндіре алады; Виртуалды лабиринттен шығу жолын құра алады Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер Лабиринт, виртуалды лабиринт Қолданылатын сөйлемдер Лабиринттен күрделілігіне байланысты шығудың ... немесе ...жолы болуы мүмкін. желі арқылы түрлі өткелдер мен қиылыстарды өту бойынша берілетін ойындар топтамасы.
Бағалау критерийлері:	Лабиринтке, виртуалды лабиринтке анықтама (түсініктеме) береді; Лабиринттердің шығу жолдарының алгоритмін талдап, ұсынады.
Құндылықтарды дарыту:	«Мәңгілік ел» құндылықтарын іске асыру. Топтық және жұптық жұмыстарды орындауда бір-біріне құрмет көрсету . Оқушылар бір – бірінің ойын тыңдайды, өзара сыйластықты қалыптастырады. Жұпта, топта, топпен жұмыс істей білу. Оқушылар белсене қозғала отырып, сымбаттылықтарын сақтауға жаттығу жасайды. Бір-бірінің іс-қимылдарын түсіне білу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Интербелсенді тақта, компьютер, презентация.
Пәнаралық байланыс:	Математика, логика, бейнелеу
Бастапқы білім:	Лабиринттен шығу.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (7 минут)	Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу, түгелдеу. Психологиялық ахуал қалыптастыру. Шаттық шеңберін құрып бір-біріне жақсы тілектер айту арқылы алдағы сабаққа сәттілік тілейді. Әрбір тілек айтқан оқушыларға үш түсті гүлдер таратылады. Сол гүлдердің түсіне қарай оқушылар «лабиринт», «алгоритм», «интернет» деп үш топқа бірігеді. Ұй тапсырмасын пысықтау. Оқушылар қолдарындағы гүлдердің жапырағында берілген сұрақтарға жауап береді. Қ.Б. «Мадақтау» арқылы бағалаймын.	Безбаша 2006921.png type unknown Үш түсті гүлдер Гүлдің жапырағындағы сұрақтар

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (28 минут)	«Ойлан, тап!» ойыны арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын ойын арқылы ашып аламын. Жаңа сабақ. «Кинометафора» әдісі. www.bilimland.kz сайтынан «Виртуалды лабиринттен шығу» тақырыбындағы бейнежазба көрсетемін. Жетелеуші сұрақтар 1. Неліктен күрделі, кедергілі жолдарды лабиринт деп атаған? 2. Неге лабиринттен шығудың түрлі жолдары қарастырылған? 3. Компьютерлік ойындарда лабиринттер не себепті көптеп кездеседі? Жұптық жұмыс. 5e50b03788121.png Image not found or type unknown Қ.Б. «Көршісін бағалау» әдісі. Топтық жұмыс. (Постер қорғау) Берілген тақырыптар бойынша өз ойларыңнан лабиринт құрастырыңдар. 1. Бірнеше кедергіден өтетін автокөліктің жолы. 2. Мысықтың тышқанға жетуі. 3. Балалар ойын алаңы. Дескриптор: • Өз ойларынан лабиринт құрастырады. Қ.Б. «Бағдаршам» арқылы бағалау. Жеке жұмыс. Презентациялық жұмыс орындау. 5e50b03788121.png Image not found or type unknown 3-ке бөлінетін сандар арқылы лабиринттен шығу. Командаларды тігінен, көлденеңнен , қима жолмен жасауға болады. Орындаған тапсырманың алгоритмін компьютерге жазады. Дескриптор: • Оқушылар лабиринттен шығу жолдарын есептеу арқылы табады; • Орындаушылардың командаларын компьютерге ретімен жазады. Қ.Б. Мұғалімнің тарапынан тиімді кері байланыс беру.	https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/5-synyp 5e50b3015f5db.png Image not found or type unknown үлестіріме қағаздар 5e50b336a9987.png Image not found or type unknown Плакат, түрлі-түсті маркерлер 5e50b36481c2f.png Image not found or type unknown Компьютер Жұмыс дәптері 5e50b39186606.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (3 минут)	Сабақты бекіту. IV тарау бойынша қорытынды тест тапсырмаларын орындату 107-108 бет. Өзіңді тексер! «Кілттік жауаптар» бойынша өзін-өзі тексереді. Үйге тапсырма: §19 Виртуалды лабиринттен шығу. 104-бет. Үйден мектепке дейінгі өз виртуалды лабиринттеріңді құрып келу.	Тест тапсырмалары Кілттік жауаптар
Рефлексия (2 минут)	қызық құнды қиын ҚҚК кестесін толтыру арқылы сабақта қызықтырған тұсын, құнды болған мәліметті және қиналған жерлерін жазады.	ҚҚК кестесі